

**Т.Е. Қыдыр<sup>1</sup>, Х.Х. Таджиев<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

E-mail: [qydyr.torali@gmail.com](mailto:qydyr.torali@gmail.com), [xamidulla\\_86@mail.ru](mailto:xamidulla_86@mail.ru)

ORCID: 0000-0001-9549-256X, 0000-0002-8078-1585

## ҚИССАСИ ӘР-РАБҒҰЗИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНДЕ ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

**Аңдатпа.** Тәуелсіз Қазақ елінің қалыптасу тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі Алтын Орда кезеңі десек, бұл тұста жазып қалдырылған жазба жәдігерлердің поэтикасы мен өзінен кейінгі кезеңдерде қазақ елінің әдебиетіне жасаған әсері мен рухани байланыстарын зерттеу бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы маңызды тақырыптардың біріне айналып отыр. Қазақ халқының рухани мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасуында маңызды орын алатын сондай жазба жәдігерлердің бірі ел арасында «Қисса-и Рабғұзи» (Рабғұзи қиссалары), Қисас ул-әнбия немесе «Пайғамбарлар қиссасы» деген аттармен танылған шығарма. Мақалада, Рабғұзи қиссалары мен 20 ғасыр басындағы қазақ қоғамын рухани кемелдікке тәрбиелеген ақындар шығармашылығындағы пайғамбарлардың көркем бейнесі салыстырмалы түрде талдау жасалынды. Атап айтқанда, Шәді Жәңгірұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы сынды ақындар елдің рухани санасының өсуіне, үлес қосты. Олар атакты медреселерде білімін шыңдап, дәстүрлі ислам мәдениетін өлеңдері арқылы көрсете білген ақындар болды. Бұл сөз шеберлерінің шығармашылығы бүгін әдебиеттану ғылымындағы зерттеуге тиісті тақырыптардың біріне айналып отыр. Әсіресе, Исламның негізгі қағидалары мен адамзатқа үлгі боларлық пайғамбарлар өмірін поэзия арқылы насихаттау XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында елеулі орынды алып отыр. Зерттеу мақала бұл мәселені зерделей отырып, Рабғұзи қиссалары мен XX ғасыр басындағы шығармалардың арасындағы рухани үндестік пен танымдық-идеялық ерекшеліктерін ашып берді.

**Алғыс:** Мақала АР 14972895 «Алтын Орда және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр жалғастығы» жобасы аясында жинақталған материалдар негізінде баспаға ұсынылды.

**Кілт сөздер:** Рабғұзи, әдебиет, пайғамбар, жанр, Шәді Жәңгірұлы.

**Т.Е. Кыдыр<sup>1</sup>, Х.Х. Таджиев<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

E-mail: [qydyr.torali@gmail.com](mailto:qydyr.torali@gmail.com), [xamidulla\\_86@mail.ru](mailto:xamidulla_86@mail.ru)

ORCID: 0000-0001-9549-256X, 0000-0002-8078-1585

## Киссаси ар-Рабгузи и художественный образ пророков в казахской письменной литературе

**Аннотация.** Один из важнейших периодов истории независимого Казахстана является период Золотой Орды. Поэтика письменных источников, относящиеся к этому времени, оказала глубокое влияние на становление литературы и духовных основ Казахстана и в следствии становится одной из важнейших тем современного литературоведения. Одним из таких письменных памятников, играющим значительную роль в формировании духовной культуры и литературы казахского народа, является произведение, известное как «Кисса-и Рабгузи», «Кисас уль-Анбия» или «Сказание о Пророки». В статье предпринята попытка проанализировать произведение Рабгузи, сопоставить художественный

образ пророков в произведениях поэтов начала XX века, в частности, между такими поэтами, как Шади Жангирулы и Жусипбек Шайхисламулы, которые способствовали росту духовного самосознания казахов. Одной из проблем, занимающей значительное место в истории казахской литературы начала XX века, является исследование жизни пророков сквозь призму поэзии. В данной статье выявлена духовная гармония и познавательно-мировоззренческие особенности между рассказами Рабгузи и произведениями начала XX столетия.

**Благодарность:** Статья представлена к публикации на основе материалов, собранных в рамках проекта AP14972895 «Золотая Орда и казахская литература начала XX века: духовная гармония и преемственность традиций».

**Ключевые слова:** Рабгузи, литература, пророк, жанр, Шади Жангирулы

**T.E. Kydyr<sup>1</sup>, Kh.Kh. Tadzhiev<sup>2\*</sup>**

*M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan*

*South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan*

*E-mail: kydyr.torali@gmail.com, xamidulla\_86@mail.ru*

*ORCID: 0000-0001-9549-256X, 0000-0002-8078-1585*

## **Qissasi Ar-Rabguzi and the artistic image of the prophets in Kazakh written literature**

**Abstract.** One of the most important periods in the history of independent Kazakhstan is the period of the Golden Horde. The poetics of written sources dating back to this time had a profound influence on the formation of literature and spiritual foundations of Kazakhstan and, as a result, becomes one of the most important topics in modern literary criticism. One of these written monuments, which plays a significant role in the formation of the spiritual culture and literature of the Kazakh people, is the work known as "Kissa-i Rabguzi", "Qisas ul-Anbiya" or "The Tale of the Prophets". The article attempts to analyze the work of Rabguzi, to compare the artistic image of the prophets in the works of poets of the early 20th century, in particular, between such poets as Shadi Dzhangiruly and Zhusipbek Shaikhislamuly, who contributed to the growth of the spiritual self-awareness of the Kazakhs. One of the problems that occupies a significant place in the history of Kazakh literature at the beginning of the twentieth century is the study of the life of the prophets through the prism of poetry. This article reveals the spiritual harmony and cognitive and ideological features between Rabguzi's stories and the works of the early twentieth century.

**Acknowledgments:** The article was submitted for publication on the basis of materials collected within the framework of the project AP14972895 "The Golden Horde and Kazakh literature of the early twentieth century: spiritual harmony and continuity of traditions."

**Keywords:** Rabguzi, literature, prophet, genre, Shadi Zhangiruly

### **1. Кіріспе**

Алтын Орда кезеңінде, Дешті қыпшақта жазылып, кейінгі дәуірлерде қазақтың рухани мәдениеті мен әдебиетіне ерекше әсер еткен әдеби шығармалардың бірі 1310 жылы Оғыз рабатының қазысы Насируддин Бұрхануддин Рабғұзи тарапынан жазылған «Пайғамбарлар тарихы» немесе «Қисас ул әнбия» жазба ескерткіші.

Пайғамбарлар тарихын егжей-тегжейлі талдап берген бұл әдеби жәдігерге оқырмандар әрқашан қызығушылық танытып отырған. Сондықтан да бұл шығарманың құрастырушысы да, бастырушысы да көп болған. Мысалы, 1907 жылы Қазан шаһарында Исмайыл Шамсуддиновтің баспасында басылған «Қисас әл-әнбияны» шығарушы Ахметжан Жалмұхамедов болса, 479 беттен тұратын 1914 жылы Қазандағы Каримовтар баспасында жарық көрген нұсқаны дайындаған Имамолла

Салахбан молла Шәріп «Қазақтары» деген азамат (Кенжебаев, 6: 19). Көріп отырғанымыздай, аталған шығарма жеті ғасырдан астам уақыт Орта Азиядағы атақты білім ордаларында, медреселерде оқытылып, бүгінге дейін келіп жетті. Дүниенің жаратылысы жөніндегі діни хикаялардан құралған бұл шығарманың мазмұнын ескіше, мұсылманша сауатты шайырлардың көбісі білген (Қосанов, Кәкенова т.б., 7: 178). Жастайынан Рабғұзи қиссаларын оқып, жаттап өскен халық ақындары қазақ жазба әдебиетінде қиссашылдық дәстүр мен түрлі әдеби жанрлардың қалыптасып, дамуына үлес қосты. Осылай XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы дәстүрлі Ислам мәдениетін, оның ішінде пайғамбарлар тарихын насихаттаған жаңа қисса-дастандармен толығып отырды.

## **2. Зерттеу әдістері мен материалдар**

Зерттеу материалдарына Алтын Орда тұсында жазылған Рабғұзи қиссалары мен XX ғасыр басында қисса-дастандары арқылы пайғамбарлар өнегесін көркем сөзбен суреттеген Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп сынды ақындар шығармалары іріктеліп алынды.

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Материалдарды қарастыру барысында зерттеуге алынып отырған тақырыптың өзектілігіне және дәйекті мәтіндердің болуына баса мән берілді. Тақырыпқа байланысты материалдар сұрыпталып алынып, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы, типологиялық әдістер арқылы талданды.

### **2.2 Материалға сипаттама**

Рабғұзи қиссаларының ең ескі нұсқасы Британия музейінде сақталған. Аталған нұсқа 15 ғаырда көшірілген ғылыми айналымда танымал болып есептеледі. Ал кейінгі XVI ғасырда көшірілген нұсқалардың бірі Санкт-Петербург, Швеция, Париж бен Баку қалаларының музейлерімен ғылыми кітапхана қорларында сақталған. Шығарманы түрлі кезеңдерде К.Гренбек, Н.И.Ильминский, М.Мелиоранский, С.Малов сынды ғалымдар бастырып шығарған. Сонымен бірге, Л.Будагов пен В.Радловтың белгілі сөздіктерінде, сондай-ақ, кейбір үзінділері Н.П.Остроумовтың, Н.Ф.Катановтың зерттеулерінде берілген (Қыраубаева, 8: 19). Сондай-ақ елдің сұранысымен Қазанда орналасқан Хусаинов және Ташкентте орналасқан Арифжанов баспаханаларында да XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бастарында бірнеше рет жарық көрген (Айдаров, 1: 34; Елеукунов, 2: 192). Осылайша күнімізге дейін жеткен шығармалар тәуелсіздік жылдарында қайта қаралып, зерттелу қажеттілігі туындады.

## **3. Талқылау**

Рабғұзи шығарманы оқырманға өтімді насихаттау үшін пайда, қисса, ғазал, хикая, хабар, риуаят, андату, үгіт-насихат, сұрақ-жауап, ескерту, сүйінші секілді жанрларды пайдалана отырып, жалпы 51 қиссаны ұсынған. Автор пайғамбарлардың тарихи келбеті мен Исламды насихаттаудағы орнын таратып беруде «Адам ата (Алланың оған сәлемі болсын) қиссасы» және оның перзенттері Қабыл және Әбіл арасындағы болған оқиғалар, «Шис пен (ғ.с.) Ыдырыс (ғ.с.) қиссаларын ұтымды пайдаланған (Рабғұзи, 9: 12).

Композициялық құрылымы жағынан қиссалар төмендегідей берілген: хикая, ғазал, хабар, сұрақ-жауап, риуаят, пайда, ләтифә, хикмет, сүйінші, жарлық және т.б.

Дегенмен, тұрақты емес. Көбінесе қиссалардың көлеміне қарай өзгеріп отырған. Мысалы, Жүсіп (ғ.с.) қиссасында бірнеше жанр қатарынан келсе, Шис (ғ.с.) тақырыбында жанрлар саны төмендеп отырады.

Адам атадан басталған Құрандағы жиырма бес пайғамбар мен Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан соң Ислам әлемін басқарған төрт халифа, сондай-ақ Мұхаммед пайғамбардың сүйікті немерелері Асан мен Үсейндердің қилы өмірін көркемдеп суреттеген бұл әдеби мұра өзінің тарихи құндылығын сақтап қалуда беріліп жатқан мәліметтердің айғақты болуына назар аударған. Яғни, әрбір тұлғаның тарихи келбетін ашып беруде немесе танымал оқиғаны оқырманға жеткізуде автор әрбір мәліметке Құран аяттары және Алла елшісінің (с.а.у.) хадистерінен дәлелдер келтірген. Сонымен қатар фольклор мұраларынан ұтымды пайдаланған. Кейбір орындарда ойларын поэзияға салып, жеткізуге тырысқан. Бұл автордың сөз өнерін жан-жақты меңгерген талантты жазушылық қабілетінің жоғары болғанын көрсетіп отыр. Бұл пайғамбарлардың ұлығы Ибраһим (ғ.с.) мен Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың тарихи тұлғалығын ашуда айқын көрініп отыр.

Дәл осындай Мұхаммед пайғамбар өмірін поэзиямен өрнектеу дәстүрі ХХ ғасыр қазақ жазба әдебиетінде қиссашылдық дәстүр арқылы көрініс берген. Мұндай ақындарды зерттеушілер “кітаби ақындар” немесе “қиссашыл ақындар” десе, кейде “нәзира дәстүрінде жырлаған ақындар” деп те атайды. 19 және 20 ғасыр басындағы осындай шығармалар бүгінге дейін жетіп келді (Tadzhiev, 10: 323)

Артынан едәуір мол мұра қалдырып, қазақ әдебиетін төл және нәзиралық мұралармен толықтырған, қазақ әдебиетін шығыс классикасымен, фольклоры тақырыптарымен, сюжеттерімен байытқан, сол еңбектері арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласқан шайырлардың бірі – Шәді төре Жәңгірұлы.

Ақынның – Мұхаммед Пайғамбар (с.а.у.) өмірін өлеңмен өрнектеген «Назым Сияр Шариф» атты шығармасы 1913 жылы Ташкенттегі Ғұлам Хасан Арифжанов литографиясынан баспа бетін көрген. Бұл тарихи шығармасын ақын оқырманға жеткізуде Құран Кәрім тәпсірлерімен қатар Алла елшісінің (с.а.у.) хадистері мен көптеген Ислам ғалымдарының танымал еңбектерін негізге ала отырып, түркі тілінде жазып шыққан. Тақырыптық-мазмұндық жағынан алғанда Шәді шығармасы шығыс әдебиетіндегі «назира» дәстүрін ұтымды пайдаланған. Шығарманың жазылу себебіне арналған бөлімде ақынның берген мәліметіне сүйенсек, заманның ғалымы Ясауи жолын ұстанған Сейт Ахмет ұстаз Шәді ақынға өтініш жасап: «Алла елшісінің (с.а.у.) өмірлік өнегесі кітаптарда көп. Дегенмен, түркінің ауам халықтары оны түсіне алмай қиналып жатады. Осы тарихты поэзиямен жырласаңыз, қара халық оқып, танып білсе екен» дейді. Шәді ақын ұсынысты қабыл алып, ең әуелі Аллаға хамд, Пайғамбарға салауат айтып шығарманы жазуға кіріседі. Алла елшісінің (с.ғ.с.) туғанынан бастап, дүниеден өткеніне дейінгі тарихи оқиғаларды толығымен өлеңмен өрнектеген.

Алла елшісінің (с.ғ.с.) «нұрының» жаралғаны, туған күнінен бастап, өміріндегі қызықты, өнегелі әрі мұғжизалы «Шаққ-е садр» сынды оқиғалармен қатар Қадиша анамызбен некелесуі, Пайғамбарлық уахидің түсуі, асыл дініміз Исламды тарату жолында көрген ауыр азаптары мен қиындықтары, Мекке қаласынан Мәдинаға

хижрат еткені, ансарилердің Исламды қабылдағаны, Миграж оқиғасы және одан кейінгі тарихи деректер желісі Рабғұзи қиссасындағы Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) арналған тараулармен үндесіп жатқанын көруге болады (Таджиев, Қыдыр, 11: 177).

Рабғұзи шығармасында автор өзі суреттеген кейіпкердің әдеби бейнесін ашуда өз шеберлігін барынша іске салған. Әрбір қиссаны кемел түрде жеткізу үшін сол тұлғаның тарихи тұлғалық бейнесін беру арқылы көп мәлімет ұсынуға тырысады. Мысалы, Хұт пайғамбар қиссасын алайық. Автор мұнда Хұттың (ғ.с.) тұлғалық келбетін кеңірек ашу үшін алдымен оның нәсіліне тоқталады:

«Нұх (ғ.с.) - Сам - Ирам – Ауаз - Ад - Жұлұт - Риях - Абдулла - Хұт (ғ.с.). Және бес пайғамбар араб нәсілінен екендігі туралы ақпарат ұсынады: Олар: Худ – Салих – Шис - Исмайыл - Мұхаммед (с.ғ.с.).

Ол – «Уә илә «един эхәһум һудән» («Және Ад қауымына олардың бауыры Хұтты (жібердік)») шапанын киген, «Йә қауми убуду Аллаһа» («Ей, менің қауымым, Аллаға құлшылық етіндер») деп жарлық жеткізген, «Йә, һуду мә житәнә бибәйинәтин» («Олар: «Ей, Хұт, сен бізге ешбір айғақ әкелмедің») айғағын есіткен, «Фә итинә бимә тәидунә» («Уәде қылған нәрсеңді алып кел») сөзін тыңдаған, «Уә убәллиғукум мә урсилту биһи» («Және мен сендерге алып келген нәрсемді жеткізудемін») деп сөйлеген, «Уә ләкинни әракум қаумән тәжхәлунә» («Алайда сендерді надан халық көремін») деп жауабын берген – Хұт (ғ.с.)» (Рабғұзи, 9: 51).

Жоғарыда аталған пайғамбарлар арасында қазақ жазба әдебиетінде кең көрініс берген көркем бейне – Ибраһим пайғамбар бейнесі. Бұл ұлық пайғамбар жайлы Шәді Жәңгірұлы «Назм хикаяти Ибраһим Халилулла» атты 3104 жолдан тұратын аса көлемді шығармасын жазып шыққан. Бұл жөнінде ақын:

Қиссасы баршасының қиссаста көп,  
Болмайды айтпағыма бәрін бірдеп.  
Мүжмәлмен өз хәлімше талап еттім,  
Халилдің рух шәрифін бытыратсам деп (Жәңгірұлы, 5: 7).

Шығарманың басым бөлігі Ибраһым пайғамбар және оның өнегелі өміріне арналғанымен мұндағы басты айырмашылық, Рабғұзи қиссасында Ибраһым пайғамбардың өмірі сәби кезеңінен басталса, Шәді ақын бір шумақпен қысқа қайырып, дүниеге келгеннен бастап жастайынан әкесі Тарихты пұт жасаудан қайтару үшін әрекеттері, пұттарды қырып талқандау оқиғаларын қалдырып, бірден Намрұттың Ибраһымды жазалағаны туралы оқиғадан бастап кеткен. Десек те, автор Ибраһым пайғамбарға қатысты жиырмадан артық тарихи материалдар жайлы тың деректер ұсынады. Олар: қарғыс атқыр Намруд әкімнің Ибраһым пайғамбарды отпен өртеп жазаламақ болғандағы Жаратаушының мұғжизасы, Ибраһым пайғамбардың Сара анамен бірге болуы, Мысырлық әкімнің Ибраһымға қиянат жасауы, Бибі Ажарға үйленгені, Ибраһым мен Сара және Ажар үшеуінің Шам өлкесіне, Бәйтул Муқаддасқа баруы, Намрұт патшаның Құдайға қарсы шығуы, Ибраһымның бірнеше өлкелерде жүріп Хақтың бұйрықтарын жеткізгені, Исмаилдың (ғ.с.) туылуы, Ибраһымның (ғ.с.) өз әйелі мен перзентін жазираға өалдырып кетуі, жер астынан

«Зэм-зэм» бұлақтың атылып шығуы, Ибраһымның түсінде Исмаилды құрбандыққа шалуы, Жұмақтан шыққан қой оқиғасы, Ибраһымның Исмайылмен бірге Қара тасты тұрғызғаны, Қағбаның пайда болуы, Сараның Ысхақты дүниеге әкелгені жайлы қызықты оқиғалар берілген.

Мысалы Ибраһым пайғамбардың Намрұттың бұйрығымен жазаға тартылған сәтте Жәбірейіл (ғ.с.) періште көктен түсіп, оған қол ұшын созатынын айтады. Сонда Ибраһым пайғамбар «Саған ешбір қажетім жоқ. Тек Жаратушыға ғана» деп жауап береді. Жәбірейіл: «Олай болса Жаратқанға не үшін қажетінді айтпайсың? – деп сұрайды.

Ибраһим бұл сөзді айтты жауап беріп:  
«Баршасын құдіретімен тұрар көріп.  
Алланың күйдірмекке әмірі болса,  
Зәредей арманым жоқ кетсем өліп (Жәңгірұлы, 5: 32) – деп жауап береді.

Шәді Жәңгірұлы, осы кездегі Жаратушы тарапынан болған кереметті былай жеткізеді:

Ибраһим сол уақытта отқа жетті,  
Намрудтың көйлектері күйіп кетті.  
«Ия, от, Ибраһимды күйдірме?» деп,  
Бір Құдай құдіретімен нида етті.

Жәбірейіл Хақ әмірімен көктен еніп,  
Сипады қанатымен отты келіп.  
От іші бақ-бостан гүлзар болды,  
Ағашқа хулла жапқан миуа өніп (Жәңгірұлы, 5: 33).

Әрине, ақын бұл керемет оқиғаны өлеңмен өрнектемей тұрып, оның негізі қайда екенін анықтап алғанын ерекше атап айтқан жөн. Жырға арқау болған бұл мұғжиза қасиетті Құранның «Әнбия» сүресінде келген.

*«Әй от! Ибраһимға салқын, зиянсыз бол» дедік. Олардың Ибраһим (ғ.с) га қастық істегілері келді. Бірақ өздерін сәтсіздікке ұшыраттық (69-70-аяттар).*

Ибраһим Халилулла қиссасындағы тағы бір оқиға: «Ибраһимның (ғ.с.) баласы Исмайылмен бірге Қағбаны тұрғызғаны» оқиғасы. Бұл жайлы ақын:

Қағбаның әмір еткен ғимараты,  
Таспенен тамам болып бітті бәрі.  
Аллаһтан Ибраһимға илһам болды,  
Айналып тауап ет деп Байтуллаһты.

Қаждағы парыз, уәжіп, сүннеттерін  
Жәбірейіл тағылым берді оның бәрін.  
Қағбаны ата-ұғыл тауап қылып,  
Әмірін орындады бір Алланың (Жәңгірұлы, 5: 88).

Шығармадағы бұл оқиғаға арнайы тоқталып отырғанымыз, мыңдаған жылдар бойы күллі мұсылман жұрты қасиетті санаған, Жаратушы тарапынан құлшылық орны ретінде белгіленген Қағбаның тарихы жайлы Құран дерегін автор көркем сөзбен қазақ оқырманына жеткізіп отырғаны. Әрине, бұл құнды деректердің күнімізге дейін маңызын жоймағанын ескерсек, бұл тақырыптарды танып білу қаншалықты өзекті екені айқындала түсер еді.

Жазушының өз пікірін растау мақсатында Құранның белгілі бір аятына немесе пайғамбардың хадисіне, сондай-ақ әулие-әнбиелердің насихат сөздеріне сілтеме жасауы – әдебиетте талмих әдісі деп аталады. Ең бастысы автор айтылатын ойды (аяттағы, хадистегі) тура түпнұсқа қалпында емес, оны өз сөзімен еркін жеткізеді.

Бұл әдіс Шәді ақын шығармаларында көп қолданылған дей аламыз. Мысал үшін ақынның «Өлім» жайлы шығармасын алуға болады. Мұнда ақын:

Исадай саһиб нәпсі болса демің,  
Халилдей отқа күймей тұрса тәнің.  
Аспаннан фидия үшін қошқар түсіп,  
Исмайыл Забихулла болса намың, (Жәңгірұлы, 4: 158) – дейді.

Ақын алғашқы қатарда: «Иса сынды демің өлілерді тірілтетіндей күшті болса» деп дәріптей отырып, Исаның (ғ.с.) пайғамбар мұғжизасын еске түсіреді.

Екінші қатарда Ибраһимды (ғ.с.) «Халил – Алланың досы» сипатымен таныта отырып, Құрандағы «Әнбия» сүресінің жоғарыда келтірілген 69-70 аяттарын келтіре отырып, отқа жанбай қалу оқиғасын баяндауды мақсат еткен. Ал, үшінші және төртінші жолдар Ибраһым (ғ.с.) мен ұлы Исмайылдың (ғ.с.) Аллаһ жолында құрбандыққа баруы, алайда бұл Жаратушы тарапынан бір сынақ екені, бұл сынақтың орнына құрбандық үшін қошқар жіберілгені сынды маңызды тарихи оқиғаларды оқырманға сөз етеді.

Шәді ақын «өлім» деген өмірлік ақиқатты оқырман жүрегіне жеткізу үшін бар білімін салуға күш салған. Адам атадан бастаған Сүлеймен (ғ.с.), Айюб (ғ.с.), Иса (ғ.с.), Жүсіп (ғ.с.), Мұса (ғ.с.) сынды пайғамбарлардан бөлек Аллаға кәпір болған, пайғамбарды мойындаудан бас тартқан Ферғаун, Намруд сынды залымдардың бейнесін ашып көрсетеді:

Перғауындай Құдаймын деп аузыңа алсаң,  
Шаддаттай жер жүзіне жәннат салсаң.  
Намрудтай бір Аллаһпен ұрыспаққа,  
Аспанға кәркәс мініп ұшып барсаң (Жәңгірұлы, 5: 158),

– дей отырып, әрбір оқырманды Құранды оқып үйренуге, Құран хабар берген оқиғалардан хабардар болуға шақырады. Перғауындай өзін Жаратушымын деген наданның, Шаддат сынды Құдайға асы болған залымның, Намрут сынды Құдайға қарсы соғысқа шыққан надандар жайлы тек «Құран» да ғана жазулы екенін еске салады.

#### 4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу нәтижесі ретінде ұсынылған тұжырымдар: Рабғұзидің Қисас ул-әнбия шығармасы өзіне дейінгі пайғамбарлар жайлы шығармалардағы рухани дәстүрді сақтай отырып, өзінен кейінгі әдеби мұралардың жазылуына, ел арасында кеңінен насихатталуына әсер етті. Атап айтқанда, қазақ әдебиеті тарихының XX ғасыр басында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы сынды ақындар шығармашылығы бұған нақты мысал бола алады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазақ әдебиеті пәнінің XX ғасыр басындағы кезеңін оқытуда, сондай-ақ студенттердің ғылыми жұмыстары мен магистрант, докторанттардың зерттеу жұмыстарында пайдаланылады.

#### 5. Қорытынды

Қорыта келе айтқанда, Рабғұзи шығармасы – кейінгі көркем әдебиеттің дамуына әсер еткен негізгі туындылардың бірі. Себебі Құрандағы персонаждар мен сюжеттерді суреттеуді мақсат еткен ақын-шайырлар Рабғұзи мұрасына жіті назар аударған. Орта ғасырда, сондай-ақ XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында кеңінен жырланған «Назым Сияр-Шәриф», «Назм хикаят Ибраһим Халилулла», секілді тақырыптар Рабғұзи шығармасымен өзара үндесіп жатқан, дәстүр жалғастығын көрсетіп отырған шығармалар екені даусыз. Өзіндік дәлел-айғақтармен егжей-тегжейлі баяндалған бұл шығармаларда Алла елшілерінің өмір жолы аят, хадистермен көмкеріліп, шығарманың құндылығын арттыра түскен. Діни тақырыпқа барып, пайғамбарлар өмірін өлең сөзбен өрнектегісі келген жазба ақындардың Рабғұзи мұрасымен танысып, көп мәліметке қол жеткізгені анық. Сондықтан да XIV ғасырда дүниеге келген бұл шығарма сол дәуірде дүниеге келген көптеген жәдігерлер секілді жоғалып кетпестен, қайта бірнеше нұсқада біздің дәуірімізге дейін жетіп келді.

#### Әдебиеттер:

1. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971. – 272 б.
2. Елеукуенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы. – Алматы: Санат, 1999. – 368 б.
3. Жәңгірұлы Ш. Шығармалары. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. Баспаға дай. Таджиев Х., Өмірзақов С. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2014. – Т. 227. – 320 б.
4. Жәңгірұлы Ш. Назым Сияр Шәриф. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы, Баспаға дай: Қыдыр Т., Өмірзақов С. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2012. – Т. 80/1. – 344 б.
5. Жәңгірұлы Ш. Шығармалары. Қазыналы Оңтүстік көптомдығы. Баспаға дай: Таджиев Х. Өмірзақов С. – Алматы: Нұрлы Әлем баспасы, 2014. – Т. 226. – 296 б.
6. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
7. Қосанов С.Қ., Кәкенова Ә.М., Әділханова Ж.С. Жазба ақындар шығармашылығындағы шығыс стилі // *Turkic Studies Journal*. – 2023. – Т. 5. – No 2. – 167-184 бб. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-167-184>
8. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
9. Насируддин Бурхануддин Рабғұзи. Пайғамбарлар қиссасы. Әдеби жәдігерлер. 20 томдық. 8 том. – Алматы: Таймас, 2008. – 480 б.
10. Tadzhiyev X. vd. "19.yüzyıl sonlarında ve 20.yüzyılın başlarında Türkistan dinî-maarifi edebiyatında Ahmed Yesevi izleri". *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi* 96 (Aralık 2020), 319-344. DOI: <http://doi.org/10.34189/hbv.96.014>



11. Таджиев Х.Х., Қыдыр Т.Е. Қисас-и Рабғұзи және XX ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиеті: рухани үндестік пен дәстүр жалғастығы // *Turkic Studies Journal*. – 2023. – Т. 5. – No 3. – 172-184 бб. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-172-184>

#### References:

1. Aidarov G., Kurishzhanov A., Tomanov M. (1971). The language is ancient Turkic script. – Almaty. – 272 p. (in Kaz.)
2. Eleukenov Sh., Shalgynbaeva Zh. (1999). History of the Kazakh book. – Almaty: Sanat. – 368 p. (in Kaz.)
3. Zhangiruly Sh. (2014). Poetry. Multivolume Kazynaly Ontustik. Ed. Tadzhiev Kh., Umirzakov S. – Almaty: Nurly Alem. V. 227. – 320 p. (in Kaz.)
4. Zhangiruly Sh. (2012). Nazim Siyar Sharif. Multivolume Kazynaly Ontustik, Ed: Kysdyr T., Umirzakov S. – Almaty: Nurly Alem, V. 80/1. – 344 p. (in Kaz.)
5. Zhangiruly Sh. (2014). Poetry. Multivolume Kazynaly Ontustik. Ed. Tadzhiev Kh., Umirzakov S. – Almaty: Nurly Alem, V. 226. – 296 p. (in Kaz.)
6. Kenzhebaev B. (1986). Literary milestones. – Almaty: Zhazushy, – 200 p. (in Kaz.)
7. Kosanov S.K., Kakenova A.M., Adilkhanova Zh.S. (2023). Oriental style in the work of Kazakh poets // *Turkic Studies Journal*. Vol. 5. – No 2. pp. 167-184. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-167-184> (in Kaz)
8. Kyraubaeva A. (1988) Heritage centuries. – Almaty: Mektep. – 163 p. (in Kaz.)
9. Naseeruddin Burhanuddin Rabguzi (2008). History of the Prophets. Literary relics. 20/8 volumes. – Almaty: Taimas, – 480 p. (in Kaz.)
10. Tadzhiev X. vd. “19.yüzyıl sonlarında ve 20.yüzyılın başlarında Türkistan dini-maarifi edebiyatında Ahmed Yesevi izleri”. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi* 96 (Aralık 2020). pp. 319-344. DOI: <http://doi.org/10.34189/hbv.96.014> (in Turk)
11. Tadzhiev Kh.Kh., Qydyr T.E. (2023). Qissas-i Rabguziy and Kazakh written literature of the beginning of the 20th century: spiritual harmony and continuity of tradition // *Turkic Studies Journal*. Vol. 5. – No 3. pp. 172-184. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-172-184> (in Kaz)